

# MINI ME

# ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕ НҰСҚАУ

# МАЗМҰНЫ

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 3-4

СИПАТТАМА . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .5

ӨНІМ СҰРЫПТАЛЫМЫ . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 6-7

АЛҒАШҚЫ РЕТ ҚОЛДАНУ . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .8

СУСЫН ДАЙЫНДАУ . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .9

ҚАУІПСІЗ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР / ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖОЛЫ . . . . . . . . . . . . . . 10

ТАЗАЛАУ . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 11

ЕГЕР СҰЙЫҚТЫҚ АҚПАСА... . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .12-13

ТАТТАН КЕМІНДЕ 3-4 АЙДА ТАЗАЛАП ТҰРЫҢЫЗ . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .14-15

АҚАУЛЫҚТЫ ТАБУ . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .16-17

**Электр құралдарын қолданған кезде келесіні қоса алғанда, негізгі сақтық шараларын сақтау қажет:**

1. Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты сақтап қойыңыз.
2. Құралды тек қана жерге тұйықталған розеткаға қосыңыз. Кернеу тақтайшасында жазылғандай болуы керек. Теріс қосу кепілдікке кедергі келтіреді және қауіпті болады.
3. Бұл құрал тек үй тұрмысында қолдануға арналған. Оны келесі жағдайларда қолдануға болмайды және кепілдік берілмейді:
- дүкендер, кеңселер және басқа жұмыс орындарындағы қызметкерлеріне арналған асханаларда;
- фермаларда;
- қонақ үйлері, мотельдер мен басқа тұрғын үйлердегі клиенттерге;
- пансиондарда;
4. Құрылғы тек 3400 метрден төмен биіктікте, үй ішінде тұрмысқа пайдалануға арналған.
5. Лайықсыз қолдану немесе нұсқауларды сақтамау жағдайда, өндіруші ешқандай жауапкершілікті көтермейді және кепілдік қолданылмайды.
6. Біз NESCAFÉ® Dolce Gusto® құрылғысына арнап жасалған және сынақтан өткен NESCAFÉ® Dolce Gusto® капсулаларын пайдалануды ұсынамыз. Олар бірлесіп әрекет ету үшін жасалған бірлесіп әрекет ету NESCAFÉ® Dolce Gusto® өнімін танымал еткен шынаяқ ішіндегі мінсіз сапаны қамтамасыз етеді. Әрбір капсула бір шыны кофені дайындауға арналған, оны қайта қолдануға болмайды.
7. Ыстық капсуланы қолмен шығармаңыз. Тұтқышты пайдаланыңыз.
8. Құралды әрқашан тегіс, тұрақты, жылуға төзімді беттікке орнатыңыз, жылу көздерінен және су шұғылаларынан аулақ.
9. Өртті, электр тоғына түсіп қалуды болдырмас үшін, ешкімге зақым келтірмеу үшін құралды, оның ашасын немесе электр сымын суға немесе басқа сұйықтықтарға салмаңыз. Сымды су қолыңызбен ұстамаңыз. Су толтыруға арналған қорға суды асыра құймаңыз.
10. Қауіпті жағдайда, ашаны тез арада желіден ажыратыңыз.
11. Құралды қолданғанда қасыңызда балалар болса өте сақ болыңыз. Құралды / электр сымын / капсула ұстағышты балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Балаларға құралмен ойнауға жол бермеңіз. Сусын дайындаған кезде құралды қараусыз қалдырмаңыз.
12. Құрал балалардың, науқас, мүмкіндігі шектеулі адамдардың қолдануына арналмаған; құралмен бұдан бурын қолданбаған адамдарға құралды осы нұсқаумен таныспай, қолдануына тиім салынады. Осы құралдың қолдануын түсінбейтіндер ең алдымен қолданушыға арналған нұсқауды оқып шығып оның мазмұнын толық түсінуі керек.
13. Құралды су құйылатын табақшасыз және тамшы торсыз пайдаланбаңыз, тек өте биік кружка пайдаланбаса. Құралды ыстық су дайындауға пайдаланбаңыз.
14. Денсаулық үшін, әрқашан резервуарға тек қана таза ас су пайдаланыңыз.
15. Құралды қолданып болғаннан кейін, капсуланы әрқашан алып тастаңыз және капсула ұстауышты тазалаңыз. Су құйылатын табақшаны және капсула контейнерін күнде тазартып тұрыңыз. Сүт тағамдарына аллергиясы бар қолданушыларға: Шығаратын саптамасын сумен процедурасына сәйкес шаю керек.
16. Құралды қолданбаған жағдайда оны желіден ажыратыңыз.
17. Құралды тазалау алдында оны желіден ажыратыңыз. Құралды тазалаудың алдында немесе сайпандарын орнату, алу алдында оны толық суытыңыз. Сұйықтыққа құрылғыны ешқашан батырмаңыз. Ағынды сумен құралды ешқашан жумаңыз. Құралды тазалау үшін жуғыш құралдарды ешқашан қолданбаңыз. Құралды тек қана жұмсақ спонжбен/щеткамен тазалаңыз. Су резервуары бала құтыларын жуатын шөткемен тазалау керек.
18. Кофе-машинаны төңкермеңіз.
19. Егер ұзақ уақыттың ағымына құралды пайдаланбасаңыз, демалыста болған кезде, құралды тазалап және желіден ажыратып  тастау керек. Қайтадан қолданудың алдында шайыңыз. Құралды қайтадан қолданудың алдында шаю циклын пайдаланыңыз.
20. Татты тазарту кезінде құралды өшірмеңіз. Су резервуарын шайыңыз және құралды тат кетіретін заттың қалдығынан тазалаңыз.
21. Кез келген операция, тазалау және күту, кәдімгі қолданудан басқа, NESCAFÉ® Dolce Gusto® Hotline рұқсат еткен сервис орталығымен жасалу керек. Құралдың ішін ашпаңыз және тесіктерге ештеңе салмаңыз.

22. Егер құрал интенсивті түрде қолданылып, салқындау үшін жеткілікті уақыт болмаса, құрал уақытша жұмыс істемей қалады да, қызыл индикатор жанады. Бұл сіздің құралды қызып кетуден қорғап қалуға мүмкіндік береді. Суықтау үшін құралды 20 минутқа өшіріңіз.
23. Электр сымы мен ашасы бұзылған құралды пайдаланбаңыз. Егер электр сымы бұзылған болса, оны өндіруші, оның сервис уәкілі немесе білікті маманы алмастыру керек, қауіп-қатерден сақ болу үшін. Ақаулықтары бар құралды пайдаланбаңыз. Электр сымын бірден тоқтан ажыратып тастаңыз. Сізге жақын орналасқан NESCAFÉ® Dolce Gusto® Hotline рұқсат еткен сервис орталығына қайтарыңыз.
24. Жасап шығарушы кеңес бермеген құрал саймандарын қолдануы, өртке, электр зақымдалуына немесе адамды жарақаттауға келтіреді.
25. Сым үстелдің немесе тумбочканың шетінде салбырап тұрмау керек, немесе ыстық немесе шеті өткір беттікке тимеу керек. Сымды төменге бос жібермеңіз (құрал үстінгі беттіктен құлауы мүмкін). Сымды ылғал қолыңызбен ешқашан ұстамаңыз.
26. Құралды газ немесе электр плитаның үстіне немесе қасына, духовканың үстіне қоймаңыз.
27. Тоқтан өшіру үшін OFF түймесін басыңыз, содан соң розеткадан ашасын суырып алыңыз. Электр сымын тартпаңыз.
28. Капсула ұстағышы бар шығаратын саптамасын әрқашан жабыңыз. Индикатор жанып болғанша дейін капсула ұстағышты шығармаңыз. Капсула ұстағыш орнатылмай құрал жұмыс істемейді.
29. Егер дайындау процессінде тетігі ашылған болса ыстық суға күйіп қалуға болады. Тетігін машинаның жарықтары тоқтағанша баспаңыз.
30. Сусынды дайындаған кезде ағызғышқа саусақтарыңызды салмаңыз.
31. Шығаратын саптамасының инесін тимеңіз.
32. Құралды шығаратын саптамасынан ұстап тасымаңыз.
33. Капсула ұстағыш тұрақты магнитпен жабдықталған. Капсула ұстағышты магнитті алаң зиян келтіре алатын құралдардың және объектілердің қасына орнатпаңыз, мысалы, несие карталары, USB жинақтағыштар мен басқа сақтағыш құралдар, бейнетаспалар, телевизор және компьютер мониторлары, механикалық сағаттар, акустикалық құралдар және дыбыстық колонкалар. Кардиостимулятор немесе дефибрилляторлары бар емделушілерге: Кардиостимулятор немесе дефибриллятордың үстіне капсула ұстағышты тікелей ұстамаңыз.
34. Қысқа электр сым қауіп-қатерді азайтуын қамтамасыз етеді, ұзын электр сымы шатасып қалғанда оған сүрінуге болады. Егер аса ұзын сымның қолдануын қадағалап байқаса онда оны қолдануға болады.
35. Егер құралдың штепсельдік ашасы құрылысы жағынан сіздің розеткаға сай келмесе, сол ашасын басқа сәйкес болатын ашаға сатылғаннан кейін қызмет көрсететін NESCAFÉ® Dolce Gusto® Hotline рұқсат еткен сервис орталықтарында ауыстырыңыз.
36. Орама қайта өңделетін материалдардан жасалған. Бағдарламалардың өңдеуіне қосымша ақпаратты алу үшін жергілікті кеңестерге/әкіметке жүгініңіз. Сіздің құралда бағалы немесе пайдаға асыра алатын материалдар бар.
37. Құралды пайдаланатын туралы қосымша кепілдемелер www.dolce-gusto.com қолданушыға арналған нұсқауға сұраныңыз немесе NESCAFÉ® Dolce Gusto® Hotline нөміріне телефон соғыңыз.

**ТЕК ҚАНА ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚТАРҒА:**

38. Құрал және баусымдар 8 жастан кіші балалардың қолы жетпейтін жерлерде орналасуы қажет. Балаларға кофе-машинамен ойнауға рұқсат бермеңіз.
39. Құралды ересектердің бақылауымен ақыл-ой және дене қабілеттіктері шектеулі адам және 8 жастан үлкен балалар қолдана алады. 8 жастан үлкен балаларға кофе-машинаны пайдалану және тазалау ересектердің бақылауымен рұқсат етіледі.

Осы құрал электр құрал жабдықтарды және электронды аспаптарды қолдану туралы 2002/96/ЕС Европалық Басшылыққа сәйкес таңбалауына ие болады - WEEE). Басшылық ЕС барлық аумақтарында қолданып болған құралдарды қайтару және оларды қайта пайдалану жөніндегі нұсқаудың шеңберін анықтайды.
Еске сақтаңыз, құрал электрді үнемді тәртіпте пайдаланатын болады (0, 4 Вт /сағ.).

# СИПАТТАМА




① Су резервуары
② Ауыстыру тұтқыш
③ Мұздай
④ Тоқтату
⑤ Ыстық
⑥ көлемді реттегіш
⑦ Бекіту тұтқасы
⑧ Капсула ұстауыш
⑨ Тоқ түймесі
⑩ Тамшы торы
⑪ Су құйылатын табақша

| | |
|---|---|
| UK, CH, DE, AT, FR, ES, PT, IT, NL, LU, BE, GR | 230 V, 50 Hz, max. 1500 W |

P max. 15 bar | 0.8 l | kg ~2.5 kg | 5-45 °C 41-113 °F | A = 16 cm B = 30.5 cm C = 24 cm

# ӨНІМ СҰРЫПТАЛЫМЫ



Ыстық сусын







ESPRESSO






LUNGO






CAPPUCCINO







CHOCOCINO






LATTE MACCHIATO




CHAI TEA LATTE






Мұздай сусын




CAPPUCCINO ICE



# АЛҒАШҚЫ РЕТ ҚОЛДАНУ




Алдымен су резервуарын шайыңыз. Су резервуарын таза, ас суымен толтырыңыз. Қақпақшасын орнатыңыз да су резервуарын құралға қойыңыз.




Бекіту тұтқаны көтеріңіз және бос капсула ұстауышты орнатыңыз. Бекіту тұтқаны түсіріңіз. Тесікке 1 литрлік шыныаяқты орналастырыңыз.




Ауыстыру тұтқышы “ТОҚТАТУ” қалпында тұрғанына көзіңіз жетсін. Содан сон ашаны розетқаға қосыңыз.




Құралды тоққа қосыңыз. Құрал қызғанша тоқ қосу түймесі 30 секундтай қызыл болып жанады. Содан соң тоқ түймесі көк болып жана бастайды, құрал қолдануға дайын.




Көлем реттегішпен ең жоғары деңгейге штрих кодты қойыңыз.




Ауыстыру тұтқышы ортасына өтіп, шаю тоқтағанша күтіңіз. Құрал шаюды тоқтатады, тоқ түймесі 10 секундтай қызыл болып жыпықтап жанады.




Шаюды бастау үшін ауыстыру тұтқышты солға бұрыңыз.




Машина әдеттегі режимге кері ауыстырылып қосылғанша күтіңіз. Шыныаяқты алыңыз және босатыңыз. Суға арналған сыйымды ыдыстың ең жоғарғы деңгейіне дейін ауыз суға толтырыңыз.




Тамшы торыны су құйылатын табақшаға орнатыңыз. Содан соң су құйылытын табақшаны өз қалауыңызша құралға орнатыңыз.

# СУСЫН ДАЙЫНДАУ




Құралды тоққа қосыңыз. Құрал қызғанша тоқ қосу түймесі 30 секундтай қызыл болып жанады. Содан соң тоқ түймесі көк болып жана бастайды, құрал қолдануға дайын.




Табақшаны таңдалған сусынға сәйкес орнатыңыз (6-7 беттерді қараңыз). Шынаяқты табақшаға қойыңыз.




Бекіту тұтқаны көтеріңіз де, капсула ұстауышты шығарыңыз. Капсуланы капсула ұстауышқа орнатыңыз да, қайта құралға қойыңыз. Бекіту тұтқаны түсіріңіз.




Капсулада көрсетілген ұсынымдарды негізге ала отырып реттегішпен сусын көлемін белгілеңіз немесе өзіңіздің жеке талғамызды қойыңыз.




Ыстық сусын алу үшін ауыстыру тұтқышты оңға, салқын сусын алу үшін солға бұрыңыз. Ауыстыру тұтқышы ортасына өтіп, су беру тоқтағанға дейін күтіңіз.




Пісіріп болғаннан кейін, тоқ түймесі 10 секундтай қызыл болып жыпықтап жанады. Бұл кезде бекіту тұтқаны көтермеңіз!




Шынаяқты табақшадан түсіріңіз. Бекіту тұтқаны көтеріңіз.




Капсула ұстауышты шығарыңыз да пайдаланған капсуланы шығарыңыз. Капсуланы лақтырып тастаңыз.




Капсула ұстауыштың екі жағын да сумен шайыңыз, кептіріп сүртіңіз. Капсула ұстауышты құралға орнатыңыз. Сусыннан ләззат алыңыз!

# ҚАУІПСІЗ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР



⚠ Су резервуарына ешқашан ыстық су құймаңыз!



⚠ Сусын дайындап болмай бекіту тұтқаны ешқашан көтермеңіз!




⚠ Пісіріп болғаннан кейін, тоқ түймесі 10 секундтай қызыл болып жыпықтап жанады. Бұл кезде бекіту тұтқаны көтермеңіз!



⚠ Бекіту тұтқа көтерілген қалпында тұрғанда ауыстыру тұтқышты ешқашан баспаңыз!



⚠ Сусын дайын болғаннан кейін пайдалаған капсуланы қолыңызбен ұстамаңыз! Ол ыстық болады, күйіп қалуыңыз мүмкін!



⚠ Машинаның бастарын тазалау үшін ешқашан дымқыл губканы пайдаланбаңыз, тек тазартқыш майлықты ғана пайдаланыңыз!

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖОЛЫ






5 минут тоқтаусыз істегеннен кейін құрал өзінен өзі сөнеді (экономикалық қолдану жолы).

# ТАЗАЛАУ




Табақшаны сумен шайыңыз және оны щеткамен тазалаңыз.




Капсула ұстауыштың екі жағын да сумен шайыңыз, кептіріп сүртіңіз. Оны ыдыс жуатын машинада да жууға болады.




Су резервуарын шайыңыз және тазалаңыз. Қайта таза ас суын құйыңыз да қайтадан құралға орнатыңыз. Су резервуарын ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды!




Бекіту тұтқаны көтеріңіз және бос капсула ұстауышты орнатыңыз. Қысқыш тұтқаны жабыңыз. Тесікке 1 литрлік шыныаяқты орналастырыңыз.




Құралды тоққа қосыңыз. Құрал қызғанша тоқ қосу түймесі 30 секундтай қызыл болып жанады. Содан соң тоқ түймесі көк болып жана бастайды, құрал қолдануға дайын.




Көлем реттегішпен ең жоғарғы деңгейге штрих индикаторын қойыңыз. Шаюды бастау үшін ауыстыру тұтқышты оңға бұраңыз.




Ауыстыру тұтқышы ортасына өтіп, беру тоқтағанға дейін күтіңіз. Шыныаяқты босатыңыз және тазалаңыз.




Тамшы торыны су құйылатын табақшаға орнатыңыз. Содан соң су құйылытын табақшаны өз қалауыңызша құралға орнатыңыз. Құралды жұмсақ дымқыл матамен тазалаңыз. Содан соң жұмсақ құрғақ матамен кептіріңіз.

# ЕГЕР СҰЙЫҚТЫҚ АҚПАСА...




Сусын ақпайды және құрал гүрілдеп істейді.




Ауыстыру тұтқышты бейтарап қалпына қойыңыз.




Су резервуарда су барма екенін тексеріңіз: егер «жоқ» болса, пісіруді жалғастыру үшін қайта толтырыңызда, тұтқышты қайта ыстық/мұздай қалпына қойыңыз, егер «ия» болса, келесідей істеңіз:

Бекіту тұтқасы оңай көтеріледі мекен, тексеріңіз: ЖОҚ -Ⓐтарауды қараңыз (төменде) / ИЯ –Ⓑтарауды қараңыз (келесі бет)

## A




Капсула жабылып немесе басылып қалуы мүмкін.




Бекіту тұтқаны күш салмай көтеріңіз.




Қысым төмендеу үшін 20 минуттай күте тұрыңыз.




Содаң сон бекіту тұтқаны көтеріңіз, капсула ұстауышты шығарыңыз.




Капсуланы лақтырып тастаңыз.

# ЕГЕР СҰЙЫҚТЫҚ АҚПАСА...

**B**




Инжектор жабық болуы мүмкін.




Бекіту тұтқаны көтеріңіз және капсула ұстауышты шығарыңыз.




Капсуланы лақтырып тастаңыз.




Су резервуарын шығарыңыз да тазалау инені шығырыңыз. Бекіту тұтқаны түсіріңіз.




Құралды тоқтан ажыратыңыз. Инжекторға жету үшін құралды еңкейтіңіз.




Инжекторды тазалау инемен ашыңыз.

# ТАТТАН КЕМІНДЕ 3-4 АЙДА ТАЗАЛАП ТҰРЫҢЫЗ




Егер сусын тек қана тамшылап ақса немесе сусын қалыптағыдан салқын болса, құралды таттан тазалау керек.




Құралды өшіріңіз.




NESCAFÉ DOLCE GUSTO Hotline офисіне телефон соғыңыз немесе NESCAFÉ DOLCE GUSTO вебсайтын ашыңыз. Hotline офисінің телефондарын Қауіпсіздік шаралары бойынша буклеттен көруге болады.




Шыныаяқта ең көп дегенде татқа қарсы ұнтақ құралдың бір пакеті қосылған 0,5 литр су болуы тиіс. Татыны кетіретін сұйықтықты су резервуарына құйыңыз су резервуарын құралға орнатыңыз.




Бекіту тұтқаны көтеріңіз және бос капсула ұстауышты орнатыңыз. Бекіту тұтқаны жабыңыз. Тесікке 1 литрлік шыныаяқты орналастырыңыз.




Көлем реттегішпен ең жоғарғы деңгейге штрих индикаторын қойыңыз. Тоқ қосу түймесін 5 секундтай басыңыз. Тоқ қосу түймесі көк болып жыпықтып жанады және құрал татыны кетіру процессін бастайды.




Ауыстыру тұтқышты оңға бұрыңыз. Машина іске қосу-тоқтау режимінде орташа алғанда 2 минут ішінде татын алып тастайды. Ауыстыру тұтқышы ортасына қайтып келеді.




Тұтқышты солға қарай жылжытыңыз. Құрылғы таттан үздіксіз тазартады. Ауыстыру тұтқышы ортасына қайтып келеді.




Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, құрылғы 2 мин. күту режиміне енеді. Күту режимі барысында қосу батырмасы жасыл түсте жыпылықтап жанады.

10



Шыныаяқты босатыңыз және тазалаңыз. Су резервуарын шайыңыз және тазалаңыз. Қайта таза ас суын құйыңыз да қайтадан құралға орнатыңыз.

11




Шаюды бастау үшін, ауыстыру тұтқышты оңға бұрыңыз. Оның ортаға өтіп, су беру тоқталғанша күтіңіз.

12




Шаюды бастау үшін ауыстыру тұтқышты солға бұрыңыз. Оның ортаға қайтып келіп, су беру тоқталғанша күтіңіз.

13




Шаю аяқталғанда, қорегінің батырмасы қызыл түс болып жанып жыпылықтайды. Машина әдеттегі режимге кері ауыстырылып қосылғанша күтіңіз. Онан соң машинаны сөндіріңіз.

14



Шыныаяқты босатыңыз және тазалаңыз. Су резервуарын шайыңыз және тазалаңыз. Қайта таза ас суын құйыңыз да қайтадан құралға орнатыңыз.

15



Тамшы торыны су құйылатын табақшаға орнатыңыз. Содан соң су құйылытын табақшаны өз қалауыңызша құралға орнатыңыз. Құралды жұмсақ дымқыл матамен тазалаңыз. Содан соң жұмсақ құрғақ матамен кептіріңіз.

## МАҢЫЗДЫ КЕҢЕСТЕР




Татты кетіретін жиынтығын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орындаңыз.



Татты кетіретін сұйықтық құралға тимеу керек.



Татты кетіруге сірке суын пайдаланбаңыз.



Татты кетіру циклы өтіп жатқан кезде тоқ түймесін баспаңыз.

# АҚАУЛЫҚТЫ ТАБУ



Құрал жұмыс істемейді.




Ашалы розеткаға дұрыс қосылғандығын тексеріңіз. Егер дұрыс қосылған болса, электр тоғы бар екендігін тексеріңіз.




Егер құрал қайтадан жұмыс істемесе, NESCAFÉ DOLCE GUSTO Hotline офисіне телефон соғыңыз. Hotline офисінің телефондарын Қауіпсіздік шаралары бойынша буклеттен көруге болады.



Сусын кофе аққыш тесігінен шашырайды.




Кофе пісіруді тоқтатыңыз, капсула ұстауышты шығарыңыз да капсуланы тексеріңіз. Капсулада тек қана бір тесік болу керек. Бірден көп тесігі бар капсуланы лақтырып тастаңыз.




Капсула ұстауышқа жаңа капсуланы орнатыңыз да оны қайтадан құралға қойыңыз.



Егер сусын тек қана тамшылап ақса немесе сусын қалыптағыдан салқын болса, құралды таттан тазалау керек.




NESCAFÉ DOLCE GUSTO Hotline офисіне телефон соғыңыз немесе NESCAFÉ DOLCE GUSTO вебсайтын ашыңыз. Hotline офисінің телефондарын Қауіпсіздік шаралары бойынша буклеттен көруге болады.



Тоқ түймесі қызыл болып тез жыпықтап жанады.




Құралды өшіріңіз. Тексеріңіз капсула жабылып қалмады мекен (12 бетті қараңыз). Тоқтан алып тастаңыз да 20 минуттай күтіңіз. Содан соң ашасын розеткаға қосып, құралды тоққа қосыңыз.




Егер тоқ қосу түймесі әлі де қызыл болып жанса, NESCAFÉ DOLCE GUSTO Hotline офисіне телефон соғыңыз. Hotline офисінің телефондарын Қауіпсіздік шаралары бойынша буклеттен көруге болады.

NESCAFÉ Dolce Gusto

ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТІ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| AL | 0842 640 10 | HK | 2179 8888 | MK | 0800 00 200 |
| AR | 0800-999-8100 | HR | 0800 600 604 | MT | 80074114 |
| AT | 0800 365 23 48 | HU | 06 40 214 200 | MY | 1800 88 3633 |
| BE | 0800 93217 | IE | 00800 6378 5385 | NL | 0800-3652348 |
| BG | 0 800 1 6666 | IT | 800365234 | NO | 800 80 730 |
| BR | 0800 7762233 | JP | 81-35651-6848 (куралдар) 81-35651-6847 (капсулалар) | PE | 80010210 |
| BS | 0800 202 42 | KO | 080-234-0070 | PL | 0800 174 902 |
| CA | 1 888 809 9267 | KS | 0842 640 10 | PT | 800 200 153 |
| CH | 0800 86 00 85 | KZ | 8-800-080-2880 | RO | 0 800 8 637 853 |
| CL | 800 4000 22 | LU | 8002 3183 | RU | 8-800-700-79-79 |
| CZ | 800 135 135 | LT | 8 700 55 200 | SE | 020-29 93 00 |
| DE | 0800 365 23 48 | LV | 67508056 | SG | 1 800 836 7009 |
| DK | 35460100 | ME | 020 269 902 | SK | 0800 135 135 |
| EE | 6 177 441 | MEX | 5267 3304 01800 365 2348 (Lada sin costo) | SL | 080 45 05 |
| ES | 900 10 21 21 | | | SR | 0800 000 100 |
| FI | 0800 0 6161 | | | UK | 0800 707 6066 |
| FIL | 898-0061 | | | UKR | 0 800 50 30 10 |
| FR | 0 800 97 07 80 | | | US | 1-800-745-3391 |
| GR | 800 11 68068 | | | | |

⚠ Құралды дұрыс пайдаланбаудың және/немесе қақтан уақтылы тазаламаудың себебінен зақымданған немесе жұмыс істемей қалған бұйымға кепілдік әрекеті жүрмейді.

8080014032-02